

"Атакент" еркін сауда аймағы туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 18 сәуір N 1663.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1996.06.26. N 1600 Заңымен. ~
Z961600

Республикада кәсіпкерлік қызметті жандандыру, отандық экономиканың әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне дәйекті түрде кірігуіне жәрдемдесу, еркін экономикалық аймақтар қызметінің экономикалық-құқықтық нормаларын ұштай түсіп, оларды республикамыздың басқа өңірлерінде қолдану мақсатында және "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттіктер беру туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Заңына сәйкес қаулы етемін:

1. Алматы қаласында, Қазақстан іскерлік ынтымақтастық орталығы аумағының шекарасында - "Атакент" еркін сауда аймағы /ЕСА/ құрылсын.

2. ЕСА-ның негізгі міндеттері:

- өзін-өзі ақтау мен өзін-өзі қаржыландыру принциптеріне сүйеніп қызмет атқаратын халықаралық маңызы бар біртұтас сауда экономикалық және экспозициялық-ақпараттық кешенін қалыптастыру;

- өзара тиімді іскерлік ынтымақтастықты жолға қоюға, өнеркәсіптік-технологиялық кооперацияны кеңейтуге және шетел инвестицияларын тартуға қолайлы жағдайлар туғызу;

- сыртқы сауда операцияларының ауқымын кеңейту мен жеделдетуге, экспорт базасын дамытуға және отандық өнімдердің, тауарлар мен ғылыми-техникалық әзірлемелердің кең әрі алуан түрін сыртқы нарыққа жылжытуға;

- ақпарат, консалтинг, маркетинг және өзге сервис қызметін қамтитын қызмет көрсету индустриясын дамыту деп саналсын.

3. Еркін сауда аймағын басқарудың жоғарғы органы - Төраға басқаратын Әкімшілік кеңесі болып белгіленсін. ЕСА-ның әкімшілік кеңесінің Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Әкімшілік кеңесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітетін Әкімшілік Кеңес туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

ЕСА-ның дербес бюджеті болады, оның кіріс бөлігі аймақтық аумағында қызмет ететін шаруашылық жүргізуші субъектілердің салық төлемдерінің есебінен және басқа түсімдерден құралады.

4. Қазақстан Республикасының Заңдары ЕСА-ның аумағында осы Жарлықта

көзделген ерекшеліктер ескеріліп, қолданылады деп белгіленсін.

5. ЕСА аумағында шаруашылық жүргізуші субъектілерді тіркеу Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітетін ЕСА аумағында шаруашылық жүргізуші субъектілерді тіркеу тәртібі туралы Ережеге сәйкес жүргізілетін болып белгіленсін.

6. ЕСА-ның қызмет атқаруының экономикалық тәртібі өзгерген жағдайда оның шаруашылық жүргізуші субъектілеріне олар ЕСА-ның шаруашылық жүргізуші субъектілері ретінде тіркелген сәттегіге сәйкес келетін шарттар бойынша үш жылдан кем емес мерзімге қызметін жалғастыруына кепілдік беріледі.

7. <*>

Ескерту. 7-тармақ алынып тасталды, 8-12 тармақтары тиісінше

7-11 тармақтар болып саналды - ҚР Президентінің

1995.10.05. N 2488 Жарлығымен.

7. ЕСА аумағы Қазақстан Республикасының кеден аумағының ішіндегі Қазақстан Республикасының заңдары мен осы Жарлыққа сәйкес белгіленетін арнайы кеден тәртібі қолданылатын аумақ ретінде қаралсын.

ЕСА аумағының шегі оның Қазақстан Республикасының кеден шекарасы болып табылатын дериметрімен шектеледі.

ЕСА аумағындағы кеден тәртібін Қазақстан Республикасының мемлекеттік кеден органы қамтамасыз етеді.

8. Қазақстан Республикасы заңдарының нормаларында және Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық келісімдерде тиым салынған және көрсетілгеннен басқа тауарлар /қызмет/ және өзге заттар импорты , ЕСА аумағында пайдалануға арналған көлік құралдары лицензиялау мен квоталаудан босатылсын. ЕСА аумағында өндірілген тауарлар /қызмет/ экспорты шектеусіз жүзеге асырылады.

Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асырушы шаруашылық жүргізуші субъектілер меншік нысанына қарамастан Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлар /қызмет/ және өзге заттардың, көлік құралдарының өтуін арнайы мемлекеттік кеден пункттері арқылы ғана жүргізеді.

9. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бір ай

мерзімде "Атакент" еркін сауда аймағының Әкімшілік кеңесі туралы" және "Атакент" еркін сауда аймағының шаруашылық жүргізуші субъектілерді тіркеу тәртібі туралы" ережелерді бекітсін.

10. Осы Жарлық Заң күшіне ие және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі "Атакент" еркін сауда аймағы туралы" Қазақстан

Республикасының Заңын қабылдағанға дейін қолданылады.

11. Осы Жарлық жарияланған сәтінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК